

Атырау облысы жалпы білім беретін мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық мәслихатының 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 169-III шешімі. Атырау облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 18 қаңтарда N 2272 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011 жылғы 3 қазандағы № 275/1711/-МШ хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 03.10.2011 № 275/1711/-МШ хатымен.

ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 23.05.2006 № 3-2185/06 хатынан үзінді:

Атырау облыстық әділет департаменті ертеде тіркелген нормативтік құқықтық актілеріне қайта тексеріс жүргізілген қорытындысы бойынша және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаментінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 4-2-1/и623 хатына сәйкес, Сізге Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 38-бабының талаптарына сәйкес келмейтін тіркелген нормативтік құқықтық актілердің тізімін, "Заң" деректер базасына тиісті жазбаларды енгізу үшін, жолдайды.

Қосымша 2 бетте.

АОӘД бастығы

Қосымша:

24) Атырау облыстық мәслихатының 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 169-III "Атырау облысы жалпы білім беретін мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы" шешімі (Атырау облыстық әділет департаментінде 2005 жылғы 18 қаңтарда N 2272 тіркелді)

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында, Атырау облыстық Мәслихаты шешім етеді:

1. Облыс әкімиятының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 188 "Атырау облысы жалпы білім беретін мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы" және 2004 жығы 2 желтоқсандағы N 233 "Облыс әкімиятының 2004 жылғы 30

қыркүйегіндегі N 188 "Атырау облысы жалпы білім беретін мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулыларымен сессияға енгізілген "Атырау облысы жалпы білім беретін мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы" бекітілсін (жалғанды).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Ж.Б. Өмірбекова).

Облыстық мәслихаттың IX сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

Атырау облыстық әкімиятының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 233 қаулысы

Облыс әкімиятының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 188 "Атырау облысы жалпы білім беретін мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы" "қаулысына өзгерістер енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" Қазақстан халқына" Жолдауын іске асыру мақсатында облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Облыс әкімиятының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 188 "Атырау облысы жалпы білім беретін мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы" қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасындағы:

6-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

Бағдарламаның іске асуы келесі көздерден жүзеге асырылатын болады:

1) жергілікті бюджет;

2) республикалық бюджет.

Халықаралық ұйымдардың техникалық және гранттық көмегін, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық қорлардың демеушілік қолдауын және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздерін тарту ұйғарылып отыр.

Бағдарламаны іске асыру жергілікті бюджет қаражатынан мынадай қаржыландыруды талап етеді:

2005 жылы - 426 066,0 мың теңге;

2006 жылы - 477 410,0 мың теңге;

2007 жылы - 557 839,0 мың теңге.

республикалық бюджеттен:

2005 жылы - 641 902,0 мың теңге;

2006 жылы - 728 776,0 мың теңге;

2007 жылы - 845 976,0 мың теңге қаржы талап етіледі.

8-тармақ осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Қ. Мүрсәлиеваға жүктелсін.

Облыс әкімі

Атырау облыстық әкімиятының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 188 қаулысы

**Атырау облысы жалпы білім беретін мектептерінің
материалдық-техникалық базасын нығайтудың 2005-2007 жылдарға
арналған өңірлік бағдарламасы туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында, облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Қоса берілген "Атырау облысы жалпы білім беретін мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы" (бұдан әрі - Бағдарлама) мақұлдансын және облыстық мәслихаттың кезекті сессиясына бекітуге енгізілсін.

2. Атырау қаласы мен аудан әкімдері, облыстық басқармалар:

1) Бағдарламаны орындау жөніндегі қажетті шараларды алсын;

2) Бағдарламаны іске асыруды ұйымдастыру және жәрдемдесу жөнінде мониторинг өткізсін.

3. Атырау облысы білім беру басқармасы Бағдарламаның тиісінше орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Қ. Мүрсәлиеваға жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімиятының 2004 жылғы "2"
желтоқсан N 233 қаулысына қосымша

Облыс әкімиятының 2004 жылғы 30
қыркүйектегі N 188 қаулысына қосымша

8. Атырау облысы жалпы білім беретін мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтудың 2005-2007 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары

№	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға (іске асыруға) жауаптылар
1	2	3	4
1	Лингофон және мультимедия кабинеттеріне арналған оқу жабдығын сатып алу	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
2	Химия кабинетіне арналған оқу-көрнекілік жабдығын, оқу-көрнекілік құралдарын, жиһаз сатып алу	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
3	Биология кабинетіне арналған оқу-көрнекілік жабдығын, оқу-көрнекілік құралдарын, жиһаз сатып алу	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
4	Физика кабинетіне арналған оқу-көрнекілік жабдығын, оқу-көрнекілік құралдарын, жиһаз сатып алу	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
5	Парталар, сынып тақталарын сатып алу	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
6	Мектепке дейінгі мекемелерге арналған жабдық сатып алу	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
7	Кәсіптік мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін жабдық сатып алу	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
8	Педагог кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының материалдық базасын нығайту	қабылдау кесімі	Атырау облысы білім беру басқармасы
9	Педагог кадрларды қайта даярлау	қабылдау кесімі	Атырау облысы білім беру басқармасы Педагог кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты
10	Мақат ауданы Шәріпов атындағы орта мектебі үшін интернат құрылысын салу және 3 мектептің құрылысын аяқтау	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
11	56 білім беру объектісін күрделі жөндеу	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
12	3 жалпы білім беретін мектеп құрылыстарын салу	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
13	6 мектепке дейінгі балалар мекемесінің құрылысын салу	қабылдау кесімі	Атырау облысы құрылыс кешені басқармасы
14	3 мектеп жанындағы интернаттың құрылысын салу	қабылдау кесімі	Атырау облысы құрылыс кешені басқармасы
15	Облыстық жалпы білім беретін мектептері кітапханаларын толықтыру үшін оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендерін, көркем әдебиет сатып алу	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
16	Білім беру объектілерін интернетке қосу және трафикті төлеу	қабылдау кесімі	Атырау облысы білім беру басқармасы
17	Жалпы білім беретін мектептердегі ескірген компьютерлік техниканы жиынтықтауды аяқтау	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
18	Ақпараттандыру (оқыту)	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері
	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын		

19	мүгедек балаларды сурдотуфло құралдармен қамтамасыз ету	қабылдау кесімі	Атырау облысы білім беру басқармасы
20	Мемлекеттік мекемелердегі үлгілік штатты ұстау	Ақпарат	Аудандық білім беру бөлімдері
21	Жағадан пайдалануға берілетін объектілерді: 3 мектепті, мектеп жанындағы 3 интернатты, 13 мектепке дейінгі ұйымдарды ұстау	қабылдау кесімі	Атырау қаласы мен аудандар әкімдері

кестенің жалғасы

Орындау (іске асыру) мерзімі	Болжамды шығыстар (млн теңге)					
	Республикалық бюджет			Жергілікті бюджет		
	2005	2006	2007	2005	2006	2007
5	7	8	9	11	12	13
2005-2007	110,3	19,41	19,41	120,9	108,5	108,5
2005-2007				2,31	2,31	33,21
2005-2007				2,08	1,04	27,08
2005-2007				3,4	2,3	33,0
2005-2007				14,8	16,94	4,77
2005-2007				16,8	16,8	16,8
2005-2007	17,88	17,88	17,88			
2005-2007	4,6	4,6	4,6			
2005-2007	20,0	20,0	20,0			
2005-2007	629,19	293,08				
2005-2007				42,1	66,95	79,4
2006-2007					617,9	420,8
2007						455,1
2005-2007					225,6	
жыл сайын	15,0	7,7	9,0	213,94	213,94	213,94
2005-2007	10,7	13,07	13,0	6,0	14,7	13,8
2005-2007					30,2	24,6
2005-2007				3,8	3,8	3,8
2005-2007	1,6	1,0	11,46			
2005-2007	42,0	88,3	139,0			
2005-2007	419,75	556,89	611,63			

кестенің жалғасы

Қаржыландыру көздері					
Республикалық бюджет			Жергілікті		бюджет
2005	2006	2007	2005	2006	2007
15	16	17	19	20	21
110,3	19,41	19,41	120,9	108,5	108,5
			2,31	2,31	33,21
			2,08	1,04	27,08
			3,4	2,3	33,0
			14,8	16,94	4,77
			16,8	16,8	16,8
17,88	17,88	17,88			
4,6	4,6	4,6			
20,0	20,0	20,0			

629,19	293,08				
			42,1	66,95	79,4
				617,9	420,8
					455,1
				225,6	
15,0	7,7	9,0	213,94	213,94	213,94
10,7	13,07	13,0	6,0	14,7	13,8
				30,2	24,6
			3,8	3,8	3,8
1,6	1,0	11,46			
42,0	88,3	139,0			
419,75	556,89	611,63			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК